

Түркістан облысы
Сайрам ауданының білім бөлімі
«Қазына kz» бөбекжай – бақшасы»

Бекітемін
«Қазына kz» бөбекжай – бақшасының
менгерушісі

Э.Бегалиева



«Күншуак» ересек тобы

Ертеңгілік

Тақырыбы: «Тілім менің- байлығым»



Тәрбиеші: Жаппаркулова.Г.

Джаппарова.А.

2023-2024 оқу жылы

Безендірілген залға музыка ыргагымен балалар кіріп келеді.

Тәрбиеші сөзі: Сәлеметсіздер ме, құрметті қонақтар және балалар! «Тілім менің-байлыгым» атты ертеңгілігіне қош келдіңіздер! Бүгін біз Қазақстаннымыздыңтіл мерекесін тойлағалы отырмыз. Бәрімізге мейрам құтты болсын!

Ойлады ма болсыншы деп тіл аман,
Сонда ғана деді ме ұлт боп құралам.
Сонау жылы тіл мәртебе алғанда
Көзіме жас алдым дейтін бір адам.

Тілдің жайын бар жанымен ұғышты,
Ана тілі - перзенті үшін тұнық - ты.
Сол перзенттің тіл деп соққан жүргегі
Куаныштан сонда егіліп тұрыпты.

Осы ертеңгілігізді ашып беру үшін бөбекжай менгерушісі Бегалтева Эльвира апайға сөз береміз.

Ән ұран орындалады

Балалар, бүгін бізге көптеген қонақтар келіп отыр, олармен салемдесіп алайықшы.

Арайлап таң атты,

Алтын сәуле таратты.

Жарқырайды күніміз,

Жарқырайды бақшамыз.

Қайырлы таң, қонақтар,

Қайырлы таң, достарым!

Балалар, сендер білесіндер ме біз қандай мемлекетте тұрамыз?

Біз қандай ұлтқа жатамыз?

Біздің елбасымыз кім еken кім айтат білесіндер ме?

Біз қай тілде сөйлейміз?

Біздің Қазақстанда тұратын қандай ұлттарды білеміз?

Балалар, бүгін біз тіл мерекесін тойлағалы жатырмыз солай ма, ендеше тіл бізге не үшін керек?

Сөйлеу үшін, қарым-қатынас жасау үшін, бір-бірімізben сөйлесу үшін керек еken. Бүгінгі мерекеге басқада ұлт өкілдері келу керек еді олар неге кешігіп жатыр еken?

Кенет ұшақтың дыбысы естіледі.

Музыка әуенімен өзге ұлт өкілдері кіреді.

Тәрбиеші: Сәлеметсіздер ме, қонақтар! Сіздер неге кешігіп келе жатырсыздар?

Қонақтар: Сәлеметсіздер ме, ренжіменіздер біз Қазақстанның әсем қалаларын аралап келе жатырмыз.

Тәрбиеші: Қанеки келеген қонақтардан қай ұлттың өкілдері еken өздеріннен сұрап көрейікші.

Орыс ұлт өкілі: біз орыс елінен келдік.

Өзбек ұлт өкілі: ал біз Өзбекстан елінен келдік.

Қазақ: ал біз қазақ қыздарымыз, сендердің бауырларыңбыз.

Тәрбиеші: Қане ендеше келген қонақтарды да бүгінгі мерекені бізben бірге тойлау үшін ортамызға отырғызайык.

Бұлдіршіндердің тақпактарына кезек берейік.

Ақберді: Туган тілім-бабам тілі-өз тілім,

Туган тілім-анам тілі-өз тілім.

Туган тілім-далам тілі-өз тілім,

Туган тілім-адам тілі-өз тілім.

Туган тілде сыры терең жаным бар,

Туган тілім тіл болудан қалса егер

Жүрегімді суырып-ақ алындар.

Нуриман: Ана тілім бал тілім

Әзің барда шалкыдым

Өз тілімде ән шыркап

Термелетіп балкыдым.

Самина: Ана тілің - арың бұл

Ұятың боп тұр бетте,

Өзге тілдің бәрін біл,

Өз тілінді құрметте...

Тәрбиеші: Бізге келген қонақтар біздің елдің рәміздерімен, қалаларымен танысты енді оларға ән айтып берейік.

Ән: «Рұх пен тіл»

Тәрбиеші: Балалар, бізге келген қонақтар біздің тіл мерекемізді тойлап жатқанымызды білу үшін оларға әдемі биімізді билеп берейік.

Би: «Достық»

Бұлдіршіндеріміздің тақпақтарына кезек берейік.

Хадиша: Тілім барда мактанам

Тілім менің аппақ ән

Бірлігімді бүтінгі

Ана тілім сақтаған

Сырым: Ана тілім-менің

Әлдилеген әнім

Ана тілім-демім

Ана тілім-жаным.

Мерей: Ана тілің арың бұл

Ұятың боп тұр бетте

Өзге тілдің бәрін біл

Өз тілінді құрметте.

Камран: Бейбітшілік ұраны

Жарқыраған алтын күн

Ән қанаты қыраны

Еркіндігі халқымның.

Тәрбиеші: Жарайсындар балалар, ал енді бізеге келеген қонақтар да мерекеге ариап қандай сый әкелді екен?

Жолсерік: Бізде мерекеге бос келген жоқпыш. Өз ұлттарымыздың биін ала келдік және жыр шумактарымызда бар.

Айқөркем: Достық шырағымыз

Достық ұранымыз

Достық туымыз

Достық әніміз

Дулат: Ана тілім елдігім

Ана тілім ерлігім
Тілді бүгін құрметпен
Тойлап жатыр ел бүгін

Жолсерік: Ал енді, биімізді де тамашалаңыздар?

Би: «өзбек биі», «орыс биі»

Құрметті қонақтар, сіздерді тағыда тіл мерекесімен құттықтай отырып ертеңгілігімізді
«Дос болайық бәріміз» әнімен қорытындылаймыз!

Сая саламатта болыңыздар!

Жарасос: Ахан-



«Тілім менің-байлығым»

